

# Өңіріміздің бас газеті

**Биыл аймағымыздың бас басылымы - облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің жарыққа шыға бастағанына - 90 жыл. Бір ғасырға жуық жарық көріп келе жатқан ата басылым өңіріміздің тарихи шежіресіне айналып үлгерді. Бұл газет талай тарихи кезеңдердің, атап айтқанда ұжымдастыру, ауыл шаруашылығын дамыту, Ұлы Отан соғысы, Тың игеру және қайта құру кезеңдерінің куәгері.**

Басылым алғаш 1929 жылдың 15 ақпанында «Кеңес туы» деген атпен жарық көрді. Газеттің алғашқы редакторы - филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев. Газет беттерінде қарапайым жұмыскерлердің, шаруалардың, ауыл еңбекшілерінің мәселелері жиі көтеріліп, елімізде орын алып жатқан шұғыл жаңалықтары, оқиғалары көп жарияланды. «Кеңес туы» газеті өзінің негізгі міндетін абыроймен орындады, мұнда елге белгілі адамдар жұмыс істеді.

1930 жылға қарай колхоз құрылысының мәселелері алдыңғы қатарға шығып, өмір ұранына айналды. Осыған байланысты «Кеңес туы» газеті «Колхоз» деп өзгерді. Округтер жойылып, аудандар құрылғанда «Колхоз» Павлодар ауданының газеті болып қалды. Кейінірек бұрынғы окружкомның бірінші хатшысы Н.Жигарев: «Колхоз» атауымен қазақша газет екені аңғарылмайды, сондықтан жаңа қазақша ат қою керек» деген еді. Сөйтіп басылым «Қызыл ту» деген атпен жарық көре бастады. Кейін ол Павлодар облыстық газеті мәртебесін алды.

Газет бетінен орын алған әр кезең, әр оқиға, әр тағдыр өзінің қайталанбас құндылығымен бағалы. Ұлы Отан соғысы кезінде «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен жұмыс жүргізіліп, жауынгерлерді Отан қорғау жолында аянбай күресуге шақырды. Соғыстан кейін елдің тұрмыстық жағдайын, халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру барысы туралы материалдар жарияланды. Тың игерудің алғашқы жылдарында жетістіктер мен қиындықтар жиі болып тұрды. Басылым сол кездің пайдасы мен зиянын бірдей ашып, шындығымен жазып отырды. 1960 жылдар басында тың игерген терістік облыстарына қазақ тілді басылымдардың керегі жоқ деген



желеумен газет жабылып қалды. Бұл халқымыздың ұлттық намысын таптап, мәдениетіне көз жұма қараған орталық саясатының әсері еді 1965 жылы қайтадан ашылды.

1991 жылы 26 қыркүйектен бастап газет «Сарыарқа самалы» деген атпен жарық көре бастады. Егемендік алған жылдардан бастап, еліміздің жаңа тарихы, жаңа жетістіктері жайлы насихаттауды бастады. Міне, содан бері Қазақ елінің даму, өркендеу жолындағы әр қадамын көзден таса қылмай, өз оқырмандарына тұрақты түрде жеткізіп келеді. «Сарыарқа самалы» газетінің редакциясынан талай талантты жас түлеп ұшып, мықты қаламгер атанды, ақындық, жазушылық жолға түсті. Еңбек жолдарын осы басылымнан бастаған бірқатар жерлестеріміз кейін республикалық басылымдардан өз орындарын тапты. Газет бүгінде облысымызда болып жатқан әлеуметтік, саяси-экономикалық және мәдениет салаларында болып жатқан тың жаңалықтарға жан-жақты баға беріп, оқырман қауымға сапалы түрде ұсынып келеді.

**Майя ИСАКАЕВА,**  
С.Торайғыров атындағы  
облыстық кітапхана  
қызметкері.